

Италия



Орындаған: Үшкенов Ильяс

Италия (итал. *Italia* [i'ta:lja] ресми атауы — **Италия Республикасы** (итал. *Repubblica Italiana*)) — Еуропаның Оңтүстік бөлігінде, Жерортатеңізі жағалауындағы Апеннин түбегінде, Сицилия, Сардиния және бірнеше ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 301,3 мың км². Халқы – 60,8 млн адам (2014). Халқының 94%-ы италиялықтар



Италия Экономикасы

Италия – әлемдегі аса жоғары дамыған жетекші елдердің бірі. Ұлттық табыс көлемі (1146,2 млрд. АҚШ доллары, 1997) жағынан дүние жүзінде АҚШ, Қытай, Жапония, Германия, Франциядан кейін 6-орында, оны жан басына шаққанда 3-орында. Экономикадағы өнеркәсіп үлесі – 35,6%, ауыл шаруашылығы – 3,9%, қызмет көрсету – 60,5%. Халқының 70%-ы – қызмет көрсету, 22%-ы – өнеркәсіпте, 8%-ы – ауыл шаруашылығында жұмыс жасайды



Италия Шет Ел Капиталы

- Экономикасында шет ел капиталының үлесі үлкен. Экономикасындағы негізгі салалары: машина жасау автомобиль жасау, тамақ, химия, тігін, металлургия, т. б. Соңғы жылдары роботтар мен электронды жабдықтар өндірісі тез дамып келеді.



Италияның Ауыл және Мал шаруашылығы

- Ауыл шаруашылығы жоғары деңгейде. Астық өнімдерінен бидай, жүгері, күріш (Еуропада 1-орында), оған қоса жеміс-жидек, жаңғақ, жүзім (90%-ы – шарап жасауға жұмсалады), помидор өсіріледі.
- Еуропалық одақтың талабы бойынша мал шаруашылығы аса дамытылмай, көбінесе, сүтті және етті мүйізді ірі қара өсіріледі. Теңіз саудасы жақсы дамыған: экспорттың 60 – 65%-ы, импорттың 80 – 90%-ы сауда флотының үлесінде (жүк тасу мөлшері бойынша әлемде 10-орында).

Италия Туризм

- Италия – аса ірі туризм орталығы (жылына 50 млн-нан аса адам туристер келеді). Ел сыртқы сауда мөлшері бойынша дүние жүзінде 6-орында. Сыртқы саудадағы негізгі әріптестері Еуропалық одақ елдері (ең алдымен Германия, Франция, Ұлыбритания) – 40%-дан астам, АҚШ (7%), Жапония, Орталық және Шығыс Еуропа елдері, т.б.



Италия Одақтары



- Италия БҰҰ мүшесі болып табылады, ол-Еуропалық одақтың негізін қалаушылардың бірі және Еуропалық экономикалық және валюталық одаққа кіреді. Бұдан басқа, ел Еуропалық Кеңеске, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ОЕСД) және Солтүстік Атлантикалық одаққа-НАТО кіреді.